



МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасын, Алаш идеясы мен тәуелсіздік құндылықтарын жас ұрпақ арасында насихаттау және жүргізу мақсатында **2026 жылдың 11 наурыз күні «Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан»** аудандық жас ақындар байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымша сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2026 жылдың 10 наурызына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының білім
бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы



Самыл

Б.Самылтыров

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

«Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшының
міндеттерін уақытша атқарушы
Самал - Б.Самылтыров
« 09 » ақпан 2026 жыл

Әлихан Бөкейхановтың 160 жылдығына орай:

«Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан»

аудандық жас ақындар байқауының

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер:

1.1 «Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан» аудандық жас ақындар байқауы 2026 жылдың 11-ші наурыз күні аудандық білім бөлімі мен балалар мен жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

1.2. Осы ереже Әлихан Бөкейхановтың 160 жылдығына орай өткізілетін «Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан» аудандық жас ақындар байқауының (бұдан әрі - Байқау) мақсаты мен міндеттерін, өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды анықтау шарттарын белгілейді.

II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты:

- Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасын, Алаш идеясы мен тәуелсіздік құндылықтарын жас ұрпақ арасында насихаттау;
- Жас ақындардың шығармашылық әлеуетін арттыру, поэзия арқылы ұлттық сана мен патриоттық рухты нығайту.

Міндеттері:

- Алаш қозғалысының идеяларын көркем сөзбен дәріптеу;
- Жас ақындардың поэзияға деген қызығушылығын қолдау;
- Дарынды жастарды анықтап, шығармашылығына қолдау көрсету.

III. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

3.1. Байқау жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында **онлайн** форматта ұйымдастырылады.

3.2. Қатысушы ережеде көрсетілген талаптарды толық орындауы қажет.

3.3. Байқауды өткізудің кезеңдері:

Мектепшілік кезең: **2 – 7 наурыз 2026 жыл**

Аудандық/қалалық кезең: **11 наурыз 2026 жыл**

Облыстық кезең: **16 наурыз 2026 жыл**

3.4. Байқау –Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың 160 жылдық мерейтойына орай өткізіледі. Байқауға аудан көлеміндегі 14 – 17 жас аралығындағы жас ақындар қатыса алады.

IV. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

4.1 Байқау жұмыстары «Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбы аясында ұсынылуы тиіс.

4.2 Ұсынылатын шығармаларда төмендегі мазмұндық бағыттар негізге алынуы тиіс:

- Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасы, оның мемлекетшілдік көзқарасы мен ұлт жолындағы еңбегі;

- Алаш идеясы – ұлттық тәуелсіздікке ұмтылыс, бірлік пен жауапкершілік ұстанымдары;

- Тәуелсіз Қазақстан – елдің бүгінгі жетістігі, болашағы, ұлттық рух пен отансүйгіштік құндылықтарының көрінісі;

- Шығармаларда тарихи сабақтастық, ұлттық сана, ел тағдырына деген азаматтық көзқарас айқын сезілуі тиіс.

4.3 Байқауға қатысушы талапкер бұрын ешбір жерде жарияланбаған, бұған дейін ешбір байқауға қатыспаған авторлық өлеңін ұсынады.

Байқауға ұсынылатын өлең көлемі 3-5 шумақтан аспауы тиіс.

4.4 Қатысушының жұмысы Microsoft Word форматында қабылданады.

4.5 Байқаудың аудандық кезеңіне қатысуға сұраныстар мен қатысушының жұмысы **2026 жылдың 10 наурызына** дейін abb_elzat@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады.

V. Бағалау шарттары Байқау жеңімпаздарын анықтау

5.1 Жеңімпаздарды анықтауға арнайы комиссия құрылады.

5.2 Комиссия мүшелері байқаудың мақсаты, міндеттері мен шарттарына байланысты риясыз шешім қабылдауға міндетті.

5.3 Комиссия мүшелері шешім шығару барысында осы Ережені негізге алады.

5.4 Жеңімпаздар байқау соңында анықталады.

VI Байланыс ақпараттары

6.1 Байқау ұйымдастырушылары:

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы. Мекен-жайы: Луговой ауылы, С.Есімов көшесі, 24 А үй
Тел: 8 7754311985 Тилеубаева Эльзат Аязкуловна жауап береді.

№1 қосымша

Әлихан Бөкейхановтың 160 жылдығына орай:
«Алаш арманы – Тәуелсіз Қазақстан»
Аудандық жас ақындар байқауына қатысуға

СҰРАНЫС

1. Қала, ауданы _____
2. Аты-жөні (толық) _____
3. Туылған күні, айы, жылы _____
4. Мектебі, сыныбы _____
5. Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

6. Жетекшісінің аты – жөні _____
